



Мәжіліс

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.kazatu.kz

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

УНИВЕРСИТЕТІМ



Әріптестік қарым-қатынас арта түседі



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне Қазақстан мен Чехия арасындағы бизнес-форум аясында Чехия Республикасының Ауыл шаруашылық министрі Мариан Юречка бастаған делегация келді. Сапар мақсаты – Қазақстан мен Чехия арасындағы екіжақты ғылыми байланыстарды талқылап, Мендель атындағы Брно университеті мен С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ-і арасындағы әріптестік қарым-қатынастың негізгі бағыттарын анықтап, келісім-шартқа қол қою.

Ғылым-білім саласындағы екіжақты қарым-қатынас әрқашан тиімді болатындығына тоқтала келе ҚазАТУ-інің ректоры болашақта да бұл байланыстардың одан әрі нағая беретіндігіне сенім білдірді.

Чехия Ауыл шаруашылық министрі Мариан Юречка университет басшылығына іскерлік байланыс үшін алғыс білдіріп, қазіргі күні Чехия Республикасындағы жоғары оқу орындарында 3000-ға жуық қазақстандық студенттердің білім алып жатқандығын тілге тиек етті. Өзінің де сол ҚазАТУ екіжақты ғылыми байланыс орнату мақсатымен өзара келісім-шарт жасасқалы отырған Мендель атындағы Брно университетінде білім алғанын айтып, дәл мұндай тиімді ұсыныстарға қолдан келгенше қолдау көрсететіндігін білдірді.

Ресми іскерлік іс-шара болғанына қарамастан, кездесу еркін сұхбат түрінде табысты да қызықты өтті.



Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы ҚазАТУ-да



ҚХР ғылым және техника вице-министрі Цао Цзяньлинь бастаған делегация С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде болды. Делегацияның келу мақсаты: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінде биоқауіпсіздік зертханасын құру мәселесін бірлесе талқылау. Шетелдік қонақтар Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің оқу ғимаратында болып, Ветеринарлық медицина кафедрасының жетекші оқытушалары, профессор И.Т.Жақыпов пен Б.Қ.Ибраевтың сабақтарына қатысты.

Кездесу барысында Қытай мен Қазақстан арасындағы ғылыми-зерттеу бағытындағы халықаралық ынтымақтастық сұрақтары талқыланды.



Партнерство с ведущим в мире университетом аграрного профиля



С начала октября текущего года 8 преподавателей КазАТУ проходят научно-педагогическую стажировку в Университете Калифорнии в Дэвисе, США.

Задачами стажировки являются изучение подходов к организации учебного процесса, освоение передовых методов преподавания и разработка новых силлабусов по дисциплинам, включенным в новые магистерские программы в рамках Государственной программы индустриально-инновационного развития на 2015–2019 годы.

Всего по результатам стажировки будут разработаны около 20 новых силлабусов. После согласования с профессорами из Дэвиса, со второго семестра 2015–2016 года, соответствующие дисциплины будут внедрены в КазАТУ.

Новые дисциплины будут преподаваться для магистрантов специальных образовательных программ, разработанных для проектов ГПИИР. К слову, в разработке новых образовательных программ принимали участие известные профессора Дэвиса. Отдельные дисциплины в рамках новых образовательных программ также будут преподаваться профессорами из Дэвиса.

Сотрудничество КазАТУ и Дэвиса началось в 2014 году. Дэвис оказывает поддержку КазАТУ в процессе трансформации в первый в Казахстане исследовательский университет западного типа в сфере сельского хозяйства. К слову, Дэвис уже имеет успешный опыт участия в реформировании систем сельскохозяйственного образования в КНР, Чили, Малайзии и других странах.

КазАТУ посетила делегация из Германии



Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина посетили руководитель Академии «КЛАСС» Хартмут Маттес, управляющий директор компании «СТ Агро» Йорг Вошепот, Германия, представитель компании «КЛАСС» Алексей Зонин.

Делегацию принял председатель Правления Куришбаев А.К., который отметил важность сотрудничества с известными организациями Германии, производящими сельскохозяйственную технику. В мероприятии приняли участие заместитель председателя Правления Могильный С.В., декан технического факультета Нукешев С.О. и преподаватели технического факультета.

Цель визита – обсуждение положений трехстороннего меморандума о взаимопонимании между КазАТУ им.С.Сейфуллина, фирмой «КЛАСС» и фирмой «СТ Агро», открытие учебного центра «КЛАСС» на базе нашего университета, а также возможность двухнедельной стажировки 10 магистрантов на предприятиях компании «КЛАСС» в Германии в рамках Государственной программы по индустриально-инновационному развитию МОН РК с целью получения практического опыта. Для оснащения университета представители «КЛАСС» и «СТ Агро» выделяют 1 комбайн, 1 трактор после заключения меморандума.



В завершении встречи представители двух сторон отметили, что проведенные переговоры будут способствовать укреплению и дальнейшему развитию взаимовыгодных партнерских отношений в сфере сельскохозяйственного технического оборудования. Подписание меморандума будет способствовать укреплению информационно-научного обмена между КазАТУ им.С.Сейфуллина, «КЛАСС» и «СТ Агро», созданию совместной базы для ещё более интенсивного сотрудничества в будущем.



«ҚазАТУ көшбасшылары» күні аталып өтті



2015 жылы 29 қазан күні С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінде Жастар ісі жөніндегі комитеттің ұйымдастыруымен дәстүрге айналған "ҚазАТУ көшбасшылары" күні аталып өтті.

Студенттік Парламент, "Жас Отан" жастар қанаты, спорт шеберлері, ҚазАТУ студенттері Альянсы, студенттік кәсіподақ ұйымы мүшелері, «Аманат» пікір-сайыс клубы, жастар ісі жөніндегі комитет, студенттік жатақханалар кеңесі, «Жас түлек»



жас ақындар клубы, «Klive» креатив клубы, «Көшбас-шы» танымдық клубы, «Сымбат» арулар клубы, «Жас толқын» танымдық ток-шоу клубы, «Шаттық» би ансамблі, «ҚазАТУ құрамасы» «Жайдарман» тобы, футбол, волейбол, баскетбол лигалараның спортшылары мерекелік шеруге қатарласа сап түзеді.

Кеш барысында оқу ордасының ең үздік жастары дипломмен марапатталып, концерттік бағдарламамен жалғасты.

ҚазАТУ құрамасы – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі кубогының иегері

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі «Сарыарқа» спорт кешенінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі кубогы үшін



шағын футболдан турнир өтті. Турнирге министрліктің комитеттері, құрылымдық бөлімшелері және ведомстволық ұйымдары қатысты. Барлығы

16 ұжым қатысқан сайыста университетіміздің профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерінен құралған команда сәтті өнер көрсетті. Алғашқы үш ойында ірі есеппен жеңіске жеткен командамыз ақтық кездесуде «ҚазАгро» командасын матч соңындағы пенальти бойынша 5:4 есебімен ұтып, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі кубогының иегері атанды.

Бұған дейін командамыз аталмыш кубокты 2010 жылы жеңіп алған болатын.



Құрметті Рашит Қазиханұлы!



С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ұжымы Сізді 80 жылдық мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды!

80 жас – адам өмірінің асқар биігі. Көпшілік Сізді саналы ғұмырын ел игілігіне арнаған абзал азамат, белгілі ғалым, шәкірттері мол, қарымы кең ұстаз ретінде таниды.

Халқымыздың бүгінгі мен болашағы үшін мал шаруашылығының атқарар маңызы қаншалықты зор болса, ұлттық ғылымдағы Рашит Қазиханұлының рөлі де соншалықты үлкен. Сіздің ұлттық танымға еккен тамырыңыз асқанға тәубе, тасқанға тоба болғанда, ұлттық ғылымға еккен дарағыңыз күндікке мәуе, күнгейге сая болды.

Өзіңіздің жетекшілігіңізбен шыққан шәкірттеріңіз – ауыл шаруашылығы ғылымында

Қазиханов мектебінің қалыптасқанының айқын куәсі. Сіздік ғұмырнама – ұлтқа қызмет студия ғибратты үлгісі.

Бүгінде өмір белесін еңсерген тұсыңызда да халқымыздың несібесіне қызмет етудесіз. Бабаларымыз «Жақсының аты, ғалымның хаты өшпейді» деген. Осынау аталы сөз өзіңіз сияқты ілімді де білімді кісілерге қарап айтылған болар. Ел-жұртыңызға сіңірген ерен еңбектеріңіз Сізге тың қажыр-қайрат, қуат әкелсін! Өміріңіз қашанда жақсылық пен игілікке, қуаныш пен шапағатқа толы болсын. Шаңырағыңызға қыдыр дарып, бақ ұялай берсін!

Өзіңізге зор денсаулық, әулетіңізге ырыс-береке, мәнді өмірдің мәңгі жаршысы болуды тілеймін!

*Құрметпен,
С. Сейфуллин атындағы
Қазақ агротехникалық университетінің
Басқарма төрағасы, профессор А. Күрішбаев*



Ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі Ғылым академиясының толық мүшесі Қазиханов Рашит Қазиханұлы – 80 жаста



Қазиханов Рашит Қазиханұлы - Қазақстан Республикасының мал шаруашылығы саласындағы белгілі ғалым, педагог. Қазақстан Республикасы Жоғары мектебі Ғылым академиясының толық мүшесі бүгінгі күні 80 жасқа келді.

Рашит Қазиханұлы 1935 жылы қараша айының 7-ші жұлдызында Павлодар облысы, Май ауданы, Белогорье кентінде (қазіргі - Көктөбе кенті) дүниеге келген.

Бүгінгі күні де ағамыз жас мамандарды тәрбиелеу ісін ғылым мен біліммен ұштастыра отырып, шығармашылық ізденістерін тоқтатқан жоқ. Республикалық деңгейде жүргізіліп жатқан ғылыми үрдістерден қол үзбей, өзінің негізгі ғылыми бағыты бойынша «Қой шаруашылығы, қой етін, жүнін, елтірісін өндіру және өңдеу технологиясы» саласында еңбек етуде.

Рашит Қазиханұлы ширек ғасырдан астам уақыт «Агроөнеркәсіп саласындағы қолданбалы ғылыми ізденістер» бағдарламасы бойынша ғылыми жұмыстарға жетекшілік етеді. Соның нәтижесінде 2008 жылы «Союға арналған қозылар. Қозы еті. Жалпы техникалық жағдайлар ҚР СТ» мемлекеттік стандарты дайындалып, өндіріске ұсынылды.

Рашит Қазиханұлы – 200-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік еңбектердің авторы және ол жасаған ғылыми жетістіктер мен инновациялық жаңалықтар бүгінгі нарыққа да төтеп беруде.

Осы еңбектердің қатарында көптеген ғылыми монографиялар, оқулықтар мен ұсыныстар бар. Олар: «Целиноград облысы жағдайында еділбай қойын өсіру тиімділігі», «Солтүстік Қазақстанда етті-жүнді кроссбред қойларды өсіру және олардың селекциясы», «Қазақы және етті-жүнді қойларды солтүстік Қазақстан өңірінде өндірістік будандастыру тәсілінің тиімділігі», «Қой әрі азық, әрі киім» монографиясы, «Қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негіздері» (қой өнімдері кластері оқулығы), «Мал шаруашылығын модельдеу негіздері» (оқулық), «Қой етін (қозы етін) өндіру және өңдеу технологиясы» және тағы басқа еңбектер.

1975-2010 жылдары ғалымның жетекшілік етуімен Ақмола облысының «Бастау» ЖШС-інде, Павлодар облысының «Май» ШҚ-ында, Жамбыл облысының «Шаушен» ШҚ-ында еділбай тұқымының жоғары өнімді табыны жасалып, 2 асыл тұқымды шаруашылық құрылды.

Рашит Қазиханұлы білім беруге, жоғары оқу орнының мамандарын даярлауға, ауыл шаруашылығы ғылымына және Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға қосқан елеулі еңбектері үшін көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталды. Сонымен қатар Рашит Қазиханұлы ҚР Білім беру ісінің үздігі (1996 ж; 2004 ж); С. Сейфуллин атындағы Қазақ АТУ Құрметті қызметкері (2007 ж).

Рашит Қазиханұлын ғылымда, жас мамандар даярлауда, ауыл шаруашылығы өндірісіне инновациялар енгізуде әлі де талай биіктер күтуде.

Ізгі ниетпен, Ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінің деканы Б.Майқанов және факультет ұжымы



Студенттік қатарға қабылдау күніне арналған салтанатты кеш



С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті 1-курс студенттерінің құрметіне Студенттік қатарға қабылдау күніне арналған салтанатты кеш өткізді.

Салтанатты кеш «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тапта бар қалан» дегендей, жаңа өмірге қанат қаққан жас түлектің атасынан батасын алып, оқуға келген сәтінен көрініс беретін қойылымнан басталды.

Іс-шара барысында университетіміздің Басқарма төрағасы, профессор А.Қ.Күрішбаев сөз сөйлеп, оқуға қабылданған студенттерге үлкен үміт артып, араларынан ел мәртебесін көтеретін тұлғалар шығатынына сенім білдірді. Жастардың жаңа өмір жолына сәттілік тілеп, студенттік өмірден әзіл айтып, алтын белгі

иегерлеріне, спорттық жарыстардың жеңімпаздарына, білім сайыстарының жүлдегерлеріне студенттік билет табыстады.

Салтанатты кеш әрі қарай университетіміздің «Шаттық» би ансамблі мен «Шабыт» ұлт-аспаптар оркестрінің өнерімен жалғасты. 1-курс студенттерін студенттік қатарға қабылдану салтанатымен елімізге танымал Ринат Малцагов, «Z» тобы, «Әзіл әлемі» театрының мүшесі Арман Жаналиев сынды өнерпаздар құттықтады. Жыл сайын өтетін дәстүрлі шара аға буын өкілдері – 2-курс студенттерінің кеш иелеріне арнаған флеш-мобмен аяқталды.

Салтанатты жиынға қатысқан кеш қонақтары көңілді тарады.

Тағы бір студенттік қатарға қабылдау кеші өтті, болашаққа деген тағы бір нық қадам басталды. Университет қабырғасында әлемдік өркениетке бет бұрған қазақ елінің болашағы үшін бәсекеге қабілетті мамандар тәрбиеленіп шығатынына кәміл сенеміз.

Жаши юбиляры

Фамилия, имя, отчество	Дата рождения	Возраст	Место работы	Должность
Казиханов Рашит	07.11.1935	80	Кафедра технологии производства и переработки продукции животноводства	Профессор, д.н.
Бабко Анатолий Николаевич	08.11.1950	65	Кафедра эксплуатации электрооборудования	Доцент, к.н.
Григорьев Борис Николаевич	10.11.1945	70	Кафедра охотоведения и рыбного хозяйства	Доцент, к.н.
Ахметов Куттыбай Кушмурзинвич	25.11.1940	75	Музей	Заведующий музеем

Поздравляем вас с юбилеем! От всей души желаем вам крепкого здоровья, творческого долголетия, счастья, добра и благополучия, новых добрых дел и интересных плодотворных идей!

С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ студент жастарының
«Менің университетім» газеті.
Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп,
16.04.2012 жылы №12645-Г куәлігі берілген.
Баспасөз орталығының директоры Б.Иманғалиев
Шығарушы редакторы Ж.Естекбаева
Дизайн және беттеуші А.Армияқызы
Редакцияның мекен жайы: Астана, Жеңіс даңғылы, 62
Телефоны 8 /7172/ 39 57 07
Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.